

КЕЛЕШЕККЕ - КЕМЕЛ БІЛІММЕН!



БІЛІК



www.psu.kz

ГАЗЕТ 2001 ЖЫЛДЫҢ 2 СӘУІРІНЕН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті

30 қараша
қоян жылы, 2011
№ 11 (133)

КАЗАКСТАН тәуелсіздігіне

жыл

РЕДАКТОР БАҒАНАСЫ

Құдайға шүкір, тәуелсіздікке қол жеткізген жиырма жыл ішінде Қазақстан өзге жұртқа үлгі болатындай мемлекетке айналды. Ішкі-сыртқы саясаты сараланып, безбеге салынып, дұрыс сүрлеуге түсті. Әрине, ешнәрсе оңайшылықпен келген жоқ. Үйде отырып сынай беруге болады. Бірақ осы тәуелсіздік жылдары жүріп өткен жолға үңілер болсақ, зерделей қарасақ, бәрін түсінуге болады.

Біз өзімізді өзге әлемге «қай жерде тұратын ел» деп, жағрапиялық жағынан емес, қауқарымыздың қандай екенін, жүргізіп отырған саясатымыздың дұрыс екенін, ашық қоғам құрып жатқанымызды, халықаралық интеграцияда алатын орнымызды таныттық. Таныды. Аз ғана уақыт ішінде өзімізді өзгелерге мойындаттық.

Бүгінде бас қаламыз аймақтық ғана емес, әлемдік мәселелерді шешетін, пікірлесетін, ақылдасатын ордаға айналды. Кеше Еуропаның қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етсек, қазір мұсылман жұртын біріктірген Ислам ынтымақтастық ұйымына жетекшілік етуге көштік. Тек басшылық жасап қана қоймай, ұйымдардың жұмысын жандандыру үшін реформалар да жасай білдік. Бұл оңай шаруа емес. Осындай игі бастамалардың алдында қашанда Елбасы жүрді. Президентіміздің «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай», елі үшін еткен еңбегі текке кеткен жоқ. Елімізде тұрақтылық, береке-бірлік бар. Өзге жұртпен салыстырғанда тұрмысымыз да тәуір. Жағанда халқына дұрыс жұмыс, астауып бере алмай, жанталасып жатқан мемлекет көп. Құдайға шүкір, Президенттің дұрыс жүргізген саясатының арқасында елдің әл-ауқаты жылдан-жылға оңалып келеді. Бұған тәуба делік.

Егемендігіміздің көк туы көгімізде бейбіт желбіреп, атқан әрбір таңымызда зор бақытқа бөлеген Тәуелсіздік мейрамы құтты болсын!

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ	ТАНЫМАЛ СУРЕТТІҢ ТАРИХЫ	УНИВЕРСИТЕТ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ	СТУДЕНЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ
2 бет	6 бет	8 бет	11 бет



*Тәуелсіздіктің тар жол тайғақ кешуінен, беттен қазар
желінің есуінен тайсалмауға тиіспіз. (Н. Назарбаев)*

2

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы – бұл жарқын жетістіктер мен жасампаздықтардың тарихы. Ерікті Қазақстан аз ғана уақытта өз іргесін бекіткен елге айналып, өсіп-өркендеудің даңғыл жолына түсті. Жаңарған Қазақстан – қазақ халқының тарихи отаны. Сондықтан мемлекет тек республикадағы ғана емес, бүкіл әлемдегі қазақ ұлтының мәдениеті мен тілінің сақталуы және дамуы үшін зор жауапкершілікті мойнына алып отыр.

«Тәуелсіздіктің тірегі – ұлттық сана екенін білесіздер. Ал ұлттық сана тарих пен мәдениет арқылы қалыптасады. Осыған орай, елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Мемлекет тарапынан ұлан-ғайыр қаржы бөлінуде. Бағдарлама бойынша барымызды бағалап, жоғымызды түгендеуде ұлан-ғайыр іс атқарылды. Соның арқасында 100-ге тарта тарихи-мәдени нысан жаңғыртылып, оның 73-інде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. Шетелдерден тарих пен мәдениетімізге қатысты 5 мыңнан астам құнды деректер табылып, көшірмелері елімізге әкелінді. Әлемдік ақыл-ойдың ең озық үлгілері қазақ тіліне аударылып, олар том-том кітап болып жарық

көруде. Бұл құндылықтар келешекте жастардың бойына ұлттық сананы сіңіруге жол ашады. Ұлттық фольклорымыз «Бабалар сөзі» деген атпен 100 томға жинақталып жарық көруде. Сондай-ақ, әр қиырда шашылып жатқан ұлттық музыкалық мұрамыз да жинақталды. Оларға шетел қазақтарының әндері мен күйлері де енгізілді», – деді мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев биыл Астанада өткен дүние жүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзінде.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңінің аясында әлемнің әр шалғайындағы 12 мемлекетте ғылыми-зерттеу экспедициялары жүргізілді. Қазақстанның тарихына, этнографиясына, өнеріне қатысты бұған дейін белгісіз болып келген 5 мыңға жуық қолжазбалар мен баспа материалдарға қол жеткізілді. Ұзын-саны 218 нысаннан тұратын еліміздегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің жаңа тізімі жасалып, бекітілді. Аталған бағдарламаның екінші кезеңінде Сирияның астанасы – Дамаскідегі Бейбарыс сұлтанның мавзолейіне жөндеу жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының құрылысы одан әрі жалғасты. Бұл – бір. Екіншіден, «Мәдени мұра» ұлттық жобасының шеңберінде жүзеге асырылған іс-шараларды қалың көпшілікке насихаттау мақсатымен Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында еліміздің тарихи орындары мен танымал тұлғалары туралы деректі фильмдер түсірілді. Қазірге дейін «Қорқыт. Күйдің тарихы» және «Көшпенділердің музыкалық мұрасы» атты екі туынды, тарихымыз бен мәдениетіміздің айтулы ескерткіштері жөніндегі 10 деректі фильм толық түсіріліп бітті.

Үшіншіден, Мәдениет министрлігінің мұрындық болуы-

мен «Қазақтың 1000 күйі» және «Қазақтың 1000 әні» атты үлкен жобалар іске асырылды. Өткен жылы Президенттік мәдениет орталығында Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Қазақстан халқының рухани даму қоры» АҚ-ның және «Ел» продюсерлік орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» атты домбыра күйлері антологиясының тұсаукесерін өткізді. Аталған антологияны тиісті министрліктің тапсырысымен «Қазақстан халқының рухани даму қоры» АҚ мен «Ел» продюсерлік орталығы жарыққа шығарған. Күй жинаққа Жетісу, Қаратау, Арқа, Сыр, Шығыс және Батыс Қазақстан, Маңғыстау өңірлерінде қалыптасқан күйшілік дәстүр үлгілері толығымен қамтылып, ұлттық дәстүрдің жалғасы іспетті бүгінгі заманғы күйлердің таңдаулы нұсқалары енгізілген. Сондай-ақ, алыс-жақын шетелдердегі қазақтардың ата-жұртқа қайтып оралған күй мұрасы да осы басылым арқылы туған халқымыздың игілігіне айналмақ. Аса құнды мәңгілік мұрамызды әзірлеу барысында ҚХР, Моңғолия, Қырғызстан, Ресейге арнайы экспедиция ұйымдастырылып, музыкалық туындылар көптеп жинастырылған.

Бұл жобаға домбыра, қобыз, сыбызғыға арналған Қазақстанның барлық күй мектептерін танытатын әдемі күйлер біріктірілген. Өрине, қазақ халқының музыкалық мұрасы, әсіресе, күй мұрасы 1000-нан көп. Біреулер мұны 2-3 мың, тіпті 5 мыңға дейін жетуі мүмкін дейді. Әсіресе, осы заманның композиторларын қоссақ... Олай болса, біздің мәдени өміріміздегі ең айтулы оқиға үлкен жобаның басы ғана. «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» халқымызға мәңгілік сарын сыйлаған, ғажайып күй бұлақтары Төттімбет, Құрманғазы, Қазанғап, Дәлеткерей, Байжігіт, Қожеке, Сүгір, Боғда, Тоқа, Дайрабай, Ықылас күйлерінен бастау алады. Жаңа заман күйшілерінің көшін одан беріде Дина Нұрпейісқызы, Қали Жантілеуов, Аққыз Ахметқызы, Әбікен Хасенұлы, Жаппас Қаламбаев, Төлеген Момбеков, Мағауия Хамзин, Нұрғиса Тілендиев, Уәли Бекенов, Қаршыға Ахмедияров және т.б. жалғап келді. Яғни, дәстүрлі күй мектептерінің қалыптасып, дамуы да белгілі өнер иелерінің есімдерімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, өткен жылы қазақ халқының тұңғыш ұлттық антологиясы – «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» атты бірегей

жобаның тұсауы кесілді.

«Мәдени мұра» ұлттық жобасының шеңберінде жарыққа шыққан ғажайып антологияға Қазақ елінің алты қиырындағы (Арқа, Батыс, Маңғыстау, Жетісу, Сыр бойы, Шығыс) және Қытай, Моңғолия, Ресей, Өзбекстанда тұратын қазақтардың арасында саумалдай сақталған тұрмыс-салтымызға негізделген ғұрыптық әндер, авторлары ұмытылып кеткен халық әндері, XIX ғасырдан бері келе жатқан халық композиторларының әндері түгелдей енгізілген. «Қазақтың ғұрыптық өлең-жырларынан бастап, әйгілі халық композиторларының шығармаларын тұтастай қамтыған «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» жобасы біздің ұлттық музыка мәдениетіміздің тарихындағы ерекше оқиға деп бағалаймын! Өрине, қазақтың дәстүрлі әндері мың өнмен шектелмесі анық. Ендеше, жаңа жоба алдағы уақытта да тың туындылармен толығып, бүгінгі ұрпақты халқымыздың баға жетпес мол музыкалық мұрасымен сусындата береді деп сенемін!» – депті осы антологияның жарыққа шығуына орай құттықтау жолдаған мемлекет басшысы.

Аталған жинақта Арқа, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Жетісу, Сыр бойы, Шығыс өңірлерінде дүниеге келіп, сал-серілік дәстүрді берік орнықтырып, қазақ өн өнерінің қанатын кеңге жайған, таңдайына бұлбұл ұя салған ғажайып әншілер жөнінде мағлұмат мол. Мәселен, Арқаның әншілік дәстүрі бірінші түр. Кешегі күні асқақ әндеріміз қазақ даласын дүр сілкіндірген Біржан салдан бастап, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Әсет, Абай, Жарылғапберді, Иманжүсіп, Ғазиз, Естай, Мәди сияқты дарабоздар қазақтың әнін өшпес, өлмес деңгейге көтеріп, ұлт руханиятының тарихына өз есімдерін алтын әріппен жазып кетті. Кейінгі ұрпаққа Әміре, Қали, Байғабыл, Игібай, Қосымжан, Жабайлар арқылы жеткен ән-аманатты Жүсіпбек, Жәнібек, Манарбек, Ләззат, Жаңыл, Қайрат сияқты хас таланттар өздерінен кейінгі буынға абыроймен аялап жеткізді. Батыс Қазақстан әншілік мектебінің басында қазақ өн өнерінің хас өкілі, ұлы композитор Мұхит Мералыұлы тұр. Сондай-ақ, антологияға Бала Ораз, Қиса, Аманғали, Ауқат, Сары, Қызыл, Молдабай, Өтеғали, Дәуке, Білек, Ажар және т.б. әнші-композиторлардың үздік шығармалары енген. Күйтаспадағы батыс мектебінің жарқын өкілі

Ғарифолланың шығармашылығының өзі бір төбе. Маңғыстау мектебіне келер болсақ, Досат, Өскенбай, Тұрсын, Әділ, Жылгелді, Тастемір, Шолтаман сияқты дүлдідер мен бұлбұлдар әндерін тыңдап, таңдай қағасыз.

Жетісу мектебіне келсек, бұл өңірде ежелден ерекше дамыған ақындық-жыршылық дәстүр туралы айтпай кету әбестік. Өрбірден кейін халық арасында мейлінше көп айтылатын қара өлеңдер мен халық әндері осы мектептің негізін құрады. Оның белді өкілдері Кенен, Қапез, Пішән, Сәдіқожа, Сауытбек, Дөнеш, Бармақ, Шалтабай, Қарға, Көдек, Қырбай, Әсімхан, Көбейбай, Бұлша, Қымбат және т.б. өнер иелері. Сыр бойының әншілік мектебі «Көкшетау», «Долана» сияқты халық әндерімен басталып, Андағұл, Нартай, Ешнияз сал, Күмісай, Тоғжан, Рүстембек жырау, Әбілдір сынды дара тұлғалардың өлмес туындыларымен көрініс тауыпты. Сондай-ақ, жинақта Алтай, Тарбағатай, Іле қазақтарының дәстүрлі әндері, жарыққа шықпаса да бүгінгі күнге дейін жеткен ескі әндер де топтастырылған.

«Мәдени мұра» ұлттық жобасы мұнымен түгесілмейді. Осы жобаның аясында 400-ден астам жаңа кітаптар басып шығарылып, еліміздің түкпір-түкпіріндегі кітапханаларға таратылуда. Атап айтқанда, жаңа кітаптар «Бабалар сөзі», «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Ежелгі заманнан бүгінге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», «Қазақтардың ежелгі әлемі» сияқты сериялармен басылып шығуда. Мұра демекші, 2009 жылы тұңғыш рет 20 партитура мен 20 клавиір (10 опера мен 10 балет) баспадан жарыққа шықты. Олардың қатарында «Махамбет», «Қыз Жібек», «Біржан-Сара», «Құрманғазы», «Абылайхан», «Айсұлу», «Қамар сұлу» опералары, «Ақсақ құлан», «Хиросима», «Қарағөз», «Қалқаман-Мамыр» және тағы басқа балеттер бар. Сонымен қатар, жаңа кітаптардың электрондық нұсқасы алғаш рет басылып шығуда. Атап айтсақ, қазақ тіліндегі «Қазақтың 100 романы» атты жаңа топтамалар мен орыс тіліндегі «Қазақ әдебиетінің кітапханасы» атты 100 томдықты шығару қолға алынып отыр.

Таңатар ТАБЫНҰЛЫ



Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақстанның арғы-бергі тарихының ең гибратты тағлымы да, міне осында. (Н. Назарбаев)

3

МӘШҢҮР ЖҮСІП ОҚУЫ ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ҮЛКЕН БАСТАМА



Мәшһүр Жүсіп Көпеев – XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ірі ақыны, ғұлама ғалым, ойшыл философ, қоғам қайраткері. Екі ғасыр аясында шығармашылықпен айналысып жүрген, ол – ұлы далада болып жатқан үлкен, тарихи маңызы бар өзгерістерге баға беріп, қоғамдық пікірін қалыптастыру жолында еңбек етті. М.Ж.Көпеевтің келер ұрпаққа қалдырған бай мұрасы тек қана өз жұртының емес, әлемдегі күллі халықтарға үлгі болатыны сөзсіз. Шығармаларында көтерілген мәселелердің сан алуандығы зерттеушілерді таң қалдыруда. Адам жайлы, адам ғұмырының мәні жай-

С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың қабырғасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «VIII Мәшһүр Жүсіп оқулары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Данышпан тұлға құрметіне арналған ғылыми конференцияға еліміздің және көршілес мемлекеттердің әр жерінен келген атақты ғалымдар, жас зерттеушілер мен аталмыш білім органдарының студенттері қатысты. Мәселен, пленарлық отырысында Қуандық Пазылұлы Жүсіп, Қасқабасов Сейіт, тағы да басқа еліміздің атақты ғалымдары оқу ордамызға арнайы келіп, баяндама жасады.

ында, ақыл-ой мен сана жөнінде, қазақ халқының тағдыры туралы, қайырымдылық пен жамандық жөнінде тағы да басқа тақырыптарға жазылған философиялық ой-толғаныстары санасының саңлауына тоқып оқыған әрбір адам баласына өмірлік азық. Сонымен қатар, Абайды және оның замандастарын мазалаған сұрақтарды талай рет көтере білді, қоғамының жалқаулығымен озбырлығын сынап, оқу-ағарту ісіндегі көптеген мәселелер жайлы жазылған еңбектерінің берер тәрбиесі мол-ақ.

Ол қазақ поэзиясындағы жазудың жаңа үлгісін дәстүрге айналдырып, дамыту жолында біраз жұмыс жасай білді. Оның шығармашылығы мен жазу мәнерін зерттеумен айналысатын ғалымдар «Көпеев» жазу үлгісінің концепциясын ұсынуда. Мәшекеңнің шығармашылығына терең талдау жасаған ғалымдар оның поэзиясындағы жаңа қырларын ашып, көпшілікке көрсете білді.

Оқу ордамыздың ректоры Ерлан Мұхтарұлы: «Мәшһүр Жүсіп шығармалары негізінде үлкен зерттеу мақалалар жинақтары жарыққа шығады, магистрлық, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалады. Шығармалары мен зерттеулерін қосқанда 100 том шығуы керек.

Қуанарлық жайт – «VIII Мәшһүр Жүсіп оқулары» алдындағы конференциялар сияқты таза ғылыми-практикалық бағытта өз жұмысын жасаған жоқ, ол – көпшілікке арналған. Биыл ғалым-

дарымен бірге университет студенттері, магистранттары, мектеп мұғалімдері өздерін зерттеу мақалалардың авторы ретінде таныта білді. Бұл - Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының халық арасында кең таралуының көрсеткіші болып табылады», – деп сөзін түйіндеді.

Мәшһүр Жүсіп шығармалары тәуелсіздік алғаннан кейін басылып, мектеп бағдарламасына кеңінен енгізіле бастады. Қазақ халқының ұлы ақынның кейбір өлеңдері орыс тілінде көрініс тапты. Туындыларының түпнұсқасы мен аудармасын оқуға зор мүмкіндік туып, мектептердегі оқушылары өзінің алғашқы зерттеулерін жинақ кітаптарынан көруге де мүмкіндік бар. Жас зерттеушілер өзінің алғашқы ғылыми мақалалары секциялық отырыстарда оқып, ғалымдардың пікірін білді.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына арналған конференция әрбір қатысушысы ұлы ақын туралы білетініне жаңа білімді қоса білді.

Мәшһүр Жүсіп қалдырған бай мұрасын қазақ халқының рухани әлемімен шектелмей, адамзат өмірінде де өзіне лайықты орын алмақ.

Елена ГАРКАВА



АЙМАУЫТОВ ТАҒЫЛЫМЫ

күш пен қайраттарын сарп етті. Ерлердің ел намысын қорғауда істеген ерліктерін ел ұмытпайды, әрқашан да құрметпен естерінде сақтайды, халық қаһармандарының есімдері тарихымыздан тиісті орындарын алады. Еліміз тәуелсіздігін алған таңда, кешегі күнде бұрмаланған тарихын түзеп, ежелден аңсаған ұлт азаттығы жолындағы күресін дұрыс сипаттап, бір жүйеге келтіріп, осы жолда қайрат көрсеткен ерлердің есімдері тарихымызда алтын әріппен жазылса да артық болмас еді. Солардың бірі – Жүсіпбек Аймауытов.

Әдебиеттің әр алуан жанрларында белсенді қызмет ете отырып, Жүсіпбек төңкерістен кейін туған кеңестік әдебиеттің негізін салушылардың алдыңғы легіндегі ірі тұлғамыз. Баршаңызға белгілі ағамыз өз шығармаларында жаңа дәуірдің жаңа сөзін айтуға тырысты. Ескілікті шенеп, жаңаны орнықтыруға қызмет етті. Ол сөз өнерінің шебері ретінде танылды. Жазушы суреткерлігі, стилистігі кезінде жас қаламгерлер үшін зор мектеп болды. Бір кезде «ұлтшылдық» әдебиет өкілі санатында болған Жүсіпбектің өмір жолы өте күрделі. Алайда саналы өмірін революциядан бұрын бастаған жазушы сол кездегі қоғамдық дамудың мешеулігін, қазақ халқының қанау астындағы аянышты өмірін, патша өкіметінің отаршылдық саясатының халықтың ауыр тұрмыс - тіршілігін отаршылардың саяси құқығын тежеп отырғанын

көре білді, сол үшін жазықсыз жапа шекті. Қазақтың бүгінгі – қалтарысы мен қапылысы, шырғалаңы мен ұмтылысы, қайғысы мен қасіреті көп кешегісінің, арманға, мақсатқа жеткізер, мол үмітін арттар ертеңі – бүгінгі күннің жалғасы. Сондықтан ұлттың кешегісін бүгіннен, бүгінін ертеңінен айыру мүмкін емес. Ал, осы біртұтас ұлт өмірінің алтын діңгегі, оның тұлға бойындағы өзегі – оның тарихы.

Жүсіпбек Аймауытов асқан таланты мен таудай талабының арқасында әдебиетіміздің бойына европалық және дүниежүзілік көркем мәдениет ұрығын екті. Өзі де білімді, парасаты қаламгерлердің арасына қосылды. Әсіресе, оның

төгілген тілі, жан жүректің не қилы пернелерін баса білетін психологизмі күні бүгінге дейін таңдай қақтырмай қоймайды.

Қазақ әдебиетін дүниежүзілік аренаға шығарған кейінгі жылдардың табыстарында тың жанрларға жол салып, көркем сөзбен замана жаңалықтарын кестелей білген Аймауытовтың қомақты үлесі бар екеніне ешкім күмәндаған емес.

Жүсіпбек Аймауытов шығармаларындағы туған еліне, халқына деген махаббат бүгінгі ұрпақ жүрегінен орын табады.

Ол Қазақстанның басқа туысқан халықтарымен бірге терезесі тең республикаға айналуын арман етті. Оның кейіпкерлері осы арман же-

тегінде күресті.

Жүсіпбек Аймауытов туғызған тамаша шығармалар – халық мұрасы. Ол мұра рухани қазынамыздан берік орын алады. Келер ұрпақтың поэзия саласындағы болашаққа бастар бағдаршамы болары сөзсіз.

Жүсіпбек Аймауытов көп жыл ұмыт болып, туған халқымен табысқан адам, сондықтан да оның есімі – кейінгі толқын ұрпақ үшін аса қымбат. Бүгінгі өткізіліп жатқан ғылыми конференцияның өзі ірі тұлға алдындағы тағзым деп білуіміз қажет. Ер есімдері ел санасынан өшпей, жадымызда мәңгі сақталуы тиіс. Олардың салып кеткен сара жолдары бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ





Қазақ даласы – Ұлы Түркі елінің қара шаңырағы. (Н. Назарбаев)

4



Ұрпақ болашағына алаңсызбын...

жұмыстар жасалып, аталмыш бағдарлама аясында ауқымды жұмыстар жасалды. «Хабар», «Қазақстан», «Ел арна» секілді республикалық телеарналары ұлтымыздың ертеңіне үлгі боларлық сандаған телебағдарламаларын көрермен назарына ұсынып үлгерсе, биылғы жылы «Қазақстан» ұлттық арнасы таза мемлекеттік тілде жұмыс істей бастады. Бұлда тәуелсіздігіміздің болашақ үшін жасап жатқан ұшан теңізсіз қызметі мен тәуелсіздіктің берген ұлы жемісі. Сондай-ақ «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастарымыз шет елдерде оқып, сапалы мамандыққа ие болуда.

Елдің, барша қаймана халықтың үрейін тудырып, талай отбасының шаңырағын шайқалтқан Семей полигонының да жабуы осы тәуелсіздігіміздің арқасы емей мемене? Қытай, Ресей, Моңғолияға тағдыр тепкісімен қоныс аударған қаншама қандастарымыз өздерінің тарихи отандарына оралды.

Қазіргі өзім жұмыс істейтін ұжымым туралы айтар болсам, ПМУ-дың С.Бейсенбаев атындағы ғылыми кітапхана қорыосыжылдарішінде 1 млн. 180 мыңға толықтырылды. Оның ішінде 157 мың қазақ тілінде шығарылған кітаптар, мемлекеттік тілде жарық көрген ғылыми жұмыстар кітаптарының саны 56200, ал ұстаздардың еңбектері 60 100 дана құрады. Оқырмандарымыздың саны жылдан-жылға өсіп келеді, қазіргі таңда 14 000 жуық адам құрайды. Биылғы жылы Қазақстан халықтар кітапханасы ашылды, оның ішінде Қазақ елінде тұратын диаспоралардың тілінде шығарылған кітаптары бар.

Ойымды қорытындылай келе айтарым, енді біз 20 жыл ішінде осындай жетістіктерге жетсек, алдағы жылдарында бұданда жоғары жетістіктерге жетуімізге күмәнім жоқ. Ашық аспан аясында ынтымақ болашақ іргесін бірге қалайық, ағайын!

Гүлжан ЖАКАУОВА,
С.Бейсенбаев ат.
Ғылыми кітапхананың
кітапханашысы

Жастарға тегін білім алуға мүмкіндік бергі...

Мен Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқаным үшін өзімді бақытты сезінем. Тәуелсіздік, ең алдымен, қазақ халқына бақыт әкелді деп санаймын. Өйткені, егеменді ел атанғаннан кейін жоғымызды түгендеп, барымызды байыптауға мүмкіндік туды.

Қазақ халқы өзге де дамыған жұрттармен иық теңестіріп тұр бүгін. Мен өзімнің қазақ болып жаралғанымды, қазақ екенімді мақтан тұтамын. Күнде таңертең оқуыма келе жатқан кезде мені ерекше бір сезім кернейді. Мен тек білім алу үшін ғана емес, Қазақстанның ертеңі баянды болу үшін мықты маман, айтулы журналист болу керектігін түсінем. Тәуелсіздік өзім қатарлы жастарға тегін білім алуға, еркін ойлауға мүмкіндік берді. Тәуелсіздік Қазақстанның жаңа зиялыларын, мықты жас кадрларын қалыптастыруға жол ашты.

Сол себепті, Тәуелсіздік маған өте қымбат.

Қуандық ТАНАБАС,
студент.



ТӘУЕЛСІЗДІК БІЗГЕ НЕ БЕРДІ?

Мен, қазақпын! Азатпын!... Бұл тәуелсіздік алған жылдан Отанына деген ыстық жалыны бар, ғажаптығымызды әлемге айшықтап, азаттығымызды баршаға мойындатқысы келген жанның айтар әнұраны іспеттес. Тәуелсіздік жайында толғанып жатқан ой толғамдар мен жеткен жетістіктеріміздің ұланғайыр екені баршамызға аян. Алайда, оқу ордамыздың оқытушылары, қызметкерлері мен студенттері қалай толғайды. Осы орайда сол жанардың пікірін білмек үшін «Тәуелсіздік бізге не берді» деген сауалды жалпыға бірдей ұсынған едік. Сонымен...


20 жыл ішінде үлкен жұмыстарды атқардық

Тәуелсіздік алғанымызға биыл 20 жыл толып отыр. Еліміздің әр жағында Тәуелсіздік мерекесіне орай үлкен іс-шаралар жоғарғы деңгейде ұйымдастырылуда жоспарланады. Әрине, бұл санның басқасынан өзіндік ерекшелігі де жоқ емес. Адам өмірінде бұндай жас күшінің өркендеуімен, жан-жақты шығармашылықпен, жасампаздықпен, үлкен белестерді бағындыруымен, нағыз өмірге шығуымен байланыстырады. Дәл осылай еліміз алдында шексіз мүмкіндіктер, үлкен өзгерістер, жаңа жолдар тұр.

20 жыл ішінде үлкен жұмыстарды атқардық, мемлекеттілігімізді дамыттық, өнеркәсіп пен білім кешендерін жаңарттық, көрші шет елдермен тығыз қарым-қатынас орнаттық, отбасымызға әлеуметтік қолдау көрсете білдік, азаматтарымызды жұмыспен қамтамасыз еттік, үлкен белестерді бағындырып, дамыған мемлекеттер қатарына қосылдық. Осының бәрі, келешек дамуымыз да, әрине, халқымыздың қолында.

Еліміз гүлдене берсін, халқымыздың еңбегі әрдайым жемісті болсын!

Айдана ЖАКУПОВА,
агр-301 тобының студенті



Өз Отанымның перзенті болуды бұйыртты...

Бірақ біз осы жиырма жылда ғасыр, тіпті бірнеше ғасырға татыр тірлік жасай алдық. Қазақстанды, қазақ елін әлем таныды. Мойындады. Тіпті өзге жұртқа бұйырмаған іргелі ұйымдарға басшылық та жасай білдік. Қазақстан «бейбітшілік аралы» деген атқа да ие болдық. Өйткені жүзден астам осы елде тұрып жатқан ұлыс өкілдері «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», береке-бірлікте өмір сүріп жатыр.

Еліміз жастардың білім алуына да аса үлкен көңіл бөліп келеді. 1993 жылдан бері «Болашақ» халықаралық стипендиясы беріле бастады. 1994-2010 жылдар аралығында бұл стипендияға ие болып, алыс және жақын шетелдерде білім алған жастардың саны 7600-ге жетті. Тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміз өзінің болашақ мамандарын даярлауда осындай белестерді бағындыра алды. Қазақ мектептерінің саны көбеюде. Мемлекеттік грант есебінен жылына

33 мыңнан аса жас білім алуда. Ал «Назарбаев университетінің» есігін айқара ашуы – еліміздегі жастардың әлемдік деңгейге сай білім алуына жасалған ең үлкен қамқорлық әрі көмегі деп үлкен мақтанышпен айта саламын.

Бұлар мемлекеттік деңгейде жеткен жетістік деп қарасақ, тәуелсіздіктің ақ таңы маған өзімнің тарихи Отаныма оралып, осында білім алуға, «мен қазақпын» деп шаттануға, ең бастысы елім үшін қызмет жасауға мүмкіндік берді. Жолымды ашты. Мен, Тәуелсіз Отанымда өзімнің кішкентай мемлекетімді басқарып отырған бақытты қазақ ұрпағы ретінде мақтанамын және Абайша айтар болсам тәуелсіз қазақ елінің бір кірпіші болып қалану үшін бар күш-жігерімді салам.

Көк байрағымыз көгімізде мәңгі желбіресін!

Болатбек
ӨТЕЙХАНҰЛЫ,
Қазақстан-германиялық эмбриотрансплантология орталығының кіші ғылыми қызметкері



XXI ғасыр мәдениеттің, ғылым мен ақыл-ой бәсекесінің ғасыры болмақ. (Н. Назарбаев)

5

Туған, өскен, өнген өлкемізді қайда барсақ та Киелі Кереку жері деп таныстыратын сөзге құлағымыздың құрышы қаңған. Иә, біз расында киелі кербез мекеннің ұландарымыз. Олай дейтінім И.Ишан, М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, Қ.Сәтбаев осылай тізбектей берсек таңды таңға ұрамыз. Міне, осындай даралар мен даналардың қатарында бүгінгі ұрпақ үлкен мақтанышпен ауыздарына алатын тұлға Әбікен Бектұрұлы Бектұров.

Барша қазақ даласының қиыры мен шығысын мекен еткен қандастарымыз тәуелсіздіктің 20 жылдығын тойлайтын шақта Әбікен Бектұрұлы да желтоқсан айында 110-ға толады. Қос мерекеге орай арнайы желтоқсан айының алғашқы апталарында Ә.Б.Бектұровқа арналған республикалық конференция қара шаңырағымызда өтеді.

Қазақстандағы іргелі ғана емес, бүкіл қолданбалы ғылымдардың ордасы болып құрылған Қазақстан Ғылым Академиясының шаңырағын көтеріскен, уығын қадасқан академик Әбікен Бектұрұлы Бектұров жайлы сөз болғанда, ғалымның көзін көргендер Әбікен атамыздың үш қырын атап көрсетті.

Біріншісі - Қазақстанда химия ғылымының негізін салуға бар күш-қуатын сарп етіп, осы бірігісті құлшына ұйымдастырғаны, болса, екіншісі - химия ғылымы саласындағы жасаған орасан

шеуші, сонан кейін Қызылжар уездік төңкеріс комитетінің жер бөлімі бастығынан басталады. 1935 жылы Орта Азиядағы ғылыми адамдардың ішінде «Қышқылдардың екі қосылыспайтын фазалар арасындағы бөлінісу коэффициентіне температура мен күшті электролиттердің әсері» деген тақырыпта тұңғыш рет диссертация қорғап, химия ғылымдарының кандидаты аталғанына ие болды. Оның алғашқы ғылыми еңбектерін белгілі совет ғалымдары жақсы бағалаған еді. Ал 1934 жылдан бастап ол жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының тұңғыш меңгерушісі, әрі алғаш ашылған химия факультетінің тұңғыш деканы қызметін қатар атқарады. Университеттегі алғашқы күндерінен бастап жиырма бес жыл бойы үздіксіз педагогикалық қызметпен айналысып, жалпы және бейорганикалық химия пәндері бойынша лекциялар курсын, бейорганикалық қосылыстарды физико-химиялық әдістермен зерттеудің, заттардың құрылысы туралы арнаулы курсын оқиды. Оның лекциялары әрқашан да терең мағыналы, тартымды және әсерлі болған.

Соғыстың ауыр жылдарында (1941-1945 ж.ж.) қышқылдардың негізгі бөлігін қорғаныс өнеркәсібінде пайдалануға байланысты, Ә.Бектұров СССР Ғылым Академиясы Қазақ филиалының тапсырмасы бойынша тыңайтқыштарды қышқыл-

ҒЫЛЫМИ ДАМУЫНДАҒЫ ІРІ БЕЛЕС

Академик Қазақ мемлекеттік университеті химия факультетінің бірінші деканы, республикада химиядан білім берудің ізашарларының бірі, химия ғылымдары институтын құрушы және оның бірінші басшысы, сондай-ақ республиканың бірінші академигі Қаныш Сәтбаевпен бірге Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері минералды тыңайтқыштар өндіру мен минерал тұздарды өңдеудің химиясына және технологиясына арналған. Бектұров фосфатты шикізаттарды өңдеудің қышқылдық, термиялық, сондай-ақ, фторсызданған мал азықтық фосфат өндірудің циклондық әдістерін тауып енгізген ғалым Қаратау фосфоритінен минералды тыңайтқыштар өндіру әдістерін жүйеледі. Академиктің 400-ден астам ғылыми еңбегі, оның ішінде 3 монографиясы жарық көрген және 30-дан астам өнертабысы бар. Оның жетекшілігімен 40-тан астам ғылым кандидаты және көптеген докторы диссертация қорғады. 1986 жылдан бастап дәстүрлі Бектұров оқулары өтіп тұрады. 2001 жылы ұлы ғалымның туғанына 100 жыл толуына орай «Ә.Бектұров аса көрнекті ғалым, Қазақстанда химия ғылымының және білімінің негізін қалаушы» атты



Қазақ ССР-ы Ғылым Академиясының академигі, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстанда химия ғылымдарын ұйымдастырушысы, жалпы және бейорганикалық химия, фосфор және оның қосылыстарының химиясы мен технологиясы саласындағы атақты ғалым.

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Біздің қазақ қашанда жат қолына жалтақтап үйреніп қалған. Олай дейтінім өз құндылығымыздың қадіріне жетпей тұрып, өзгені ұлықтаймыз, сол сияқты өз арыстарымыз бен ғалымдарымыздың айтқаны мен ашқан жаңалықтарына емес тағы да жатқа жүгінеміз. Осындай жат еліктеулерден жанымызды алашақтатып, санамызға өз ұлықтарымызды сіңіріп, келер ұрпаққа зор мақтанышпен ұлықтау бізге міндет.

зор ғылыми еңбектері. Ал үшіншісі - химия жолында жұмыс істеп, тер төгуде қажымайтын, тауы шағылып мұқалмайтын мамандар дайындаудағы ұстаздық қызметі, педагогтық ісі - ғалымның өзіндік дара тұлғасын аша түседі.

Тарих қатпарына көз салсақ өткен ғасырдың құрдасы Әбікен Бектұрұлы қоғамдық құрылыс өзгеруінің, саяси дауылдардың, екі бірдей дүние жүзі соғысының, көмпескелеу мен ұжымдастыру кезеңінің, аштық тауқыметінің куәсі. «Осындай зұлмат дәуірдің талай қиындықтарын басынан кешіре отырып, ғалым бүкіл тұрмыс-тіршілігінде, өмір жолында адалдықты мұрат тұтқан. Өзгені түсінуге деген ықыласын, басқаға көмектесуге деген құлшынысын, білімге деген құштарлығын өмір бойы сақтай білген. Сондықтан да болар, сырт сипаты қатал көрінетін Әбікен Бектұрұлы жомарттық пен жайсаңдықтың жолдасқа деген ілтипаттылықтың, адамға деген ізгі ниеттіліктің ордасы болатын», — дейді көз көргендер.

ҒЫЛЫМҒА БАСТАР ҰЛЫ ЖОЛ

Ғалымның алғашқы еңбек жолы 1917 жылдан жер өл-

сыз әдістермен алу жұмыстарымен шұғылданады. Бұл зерттеулер 1945 жылы Москвада Бүкілодақтық минералды шикізат ғылыми зерттеу институтында қорғалған «Қаратау фосфориттерінен алынған термофосфаттардың химиясы мен технологиясын зерттеу» атты Ә.Бектұровтың докторлық диссертациясына, сонымен қатар 1947 жылы жарық көрген «Термофосфаттардың химиясы мен химиялық технологиясын зерттеу» монографиясына кірді.

Әбікен Бектұрұлының ғылыми білім өрісі өте кең. Оның қалыптасуы мен дамуы арқылы Қазақстанда бейорганикалық химияның өркендеу тарихын анықтауға болады. Біріншіден, 1936 жылы Қазақстанның оңтүстігінде Қаратау қоймасында өте сирек кездесетін фосфориттер кенінің ашылуына байланысты басталған жұмыстар. Екіншіден, Қаратау фосфориттерінің маңызының бірден-бір артуына оған фосфор тыңайтқыштарына мұқтаждығы зор аудандардың тікелей жақындықта болуы себепші. Осы жұмыстар Ә.Бектұров ұйымдастырған ғылыми бағыттың бастамасы болып саналады.

халықаралық ғылыми симпозиум өтті. 1991 жылы Химия ғылымдары институтына, Павлодар қаласының орталық көшелерінің біріне ғалымның есімі берілді. 2008 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауылында ескерткіші ашылды. «Ленин», «Қазан төңкерісі», «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ә.Бектұровтың ғылыми бағытының дамуындағы аса бір ірі белес шикізат өңдеудің термиялық және қышқылдың әдістерін бір-бірімен ұштастыратын, құрамында концентрациясы жоғары фосфор бар топырақта ретроградацияға аз ұшырайтын, полимерлік фосфаттардың химиясы мен технологиясы саласындағы теориялық зерттеулері. Жаңа қышқылдық - термиялық технология фосфат рудалары мен сұйытылған фосфор қышқылының кез келген түрлерін қолдануға мүмкіндік беріп, шикізатты фторсыздандыру дәрежесін арттырады. Бұл барлық жағынан да, оның ішінде қоршаған ортаны сақтауда, аса маңызды мәселе.

Жоғарыда айтылған ғылыми жұмыстардың қорытындысы Жамбыл суперфосфат, Жаңа-Жамбыл фосфор заводтары, Жамбылдың «Химпром», «Куйбышев фосфор» және «Фосфор» Шымкент өндірістік бірлестіктеріндегі жаңа цехтарды жобалап өндіріске енгізуге негіз болған еді. Академик А.Б.Бектұровтың жаңа зерттеу бағыттары ультратермофосфаттардың химиясы саласында дамыды, оның пайда болу химизмі, құрылысы,

қасиеттері және күрделі фосфор тыңайтқыштарының технологиясында қолдану мүмкіншіліктері анықталды.

Сонымен қатар, Ә.Б.Бектұров бораттар, силикаттар және сульфаттар химиясына да тиісті көңіл бөлген болатын. Ғалымның бастауымен болашағы зор аралас қосындылардың - силикофосфаттар, сульфатфосфаттар, боратфосфаттар химиясы жөнінде болашағы зор зерттеу жұмыстарын жүргізу кең түрде жүзеге асырыла бастады. Бұл жұмыстардан көптеген жаңа нәтижелер күтіліп отыр және олардың тәжірибелік мүмкіндіктері мол.

Академик Ә. Бектұров бес монографияның авторы, оның көптеген өнертапқыштық жұмыстары, жалпы ғылыми жұмысының көлемі 500-ден асады. Қазақ ССР Ғылым академиясының Химия ғылымдары институтының тұңғыш директоры бола тұрып, ол осы институттың еліміздің басқа да ғылыми-зерттеу мекемелері арасында құрметті орынға ие болуы үшін көптеген жұмыстар тындырды. Бұның айғағы - институттың Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталуы.

Профессор Ә.Бектұров жоғары білімді жас химик кадрлар дайындау жұмысына өте көп еңбек сіңірді. Қазақтың Мемлекеттік университетінде 20 жылдан астам оқытушылық қызметте болып, ол өзінің негізгі мамандығы бейорганикалық химия бойынша 400-ден астам маман дайындап шығарды. Оның лекциясын тыңдаған ҚазМУ-дың химия факультетінің сан мыңдаған түлектері қазір

еліміздің түпкір-түпкірінде жұмыс істейді. Ә.Бектұровтың жетекшілігімен қырықтан астам кандидаттың, екі докторлық диссертациялар қорғалды. Әбікен Бектұрұлының өміртанудағы ғылыми деңгейінің өрлеген үстіне өрлей беруі оның ең алдымен өзіне және айналасындағыларға қатаң талап қоя білуімен шектеледі. Ғалымның еңбегін еліміз лайықты бағалады. Ол «Ленин», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және көптеген медальдармен, сонымен қатар, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің, СССР және Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумдарының Құрмет грамоталарымен марапатталды. Оған «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген атақ берілді. Ғалым Ә.Бектұровтың өмірбаяндық деректері бірнеше жолға сыйғанымен, оның қазақ ғылымына қосқан үлесі, ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметі, ұстаздың ұлағат істері жайлы мәлімет - деректер қаншама ғылыми томдарға жүк болары ақиқат.

АҚШ-та шыққан «Өлемдік ғылымдағы тұлғалар» (1700-1968 ж.ж., Чикаго, «Маркиз» баспасы) анықтамасына Ә.Б. Бектұровтың енуі, оның дүние жүзіне танымал ғалым екендігінің айғағы.

Қазақстанда химия ғылымдарының негізін салушы Ә.Б. Бектұровтың атын Білім және Ғылым министрлігінің химия ғылымдары институтына беруі елімізге ғалымның еңбегінің әрқашан есте сақталатынын жарқын үлгісі болады.

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ

Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, ала алған емес, қазақ әлсіресе – алауыздықтан әлсіреген, күшейсе – бірліктен күшейген.
(Н. Назарбаев)

6

ТАНЫМАЛ СУРЕТТІҢ ТАРИХЫ

Тәуелсіздік дегенде бәріміздің есімізге әуелі Желтоқсаншы жастардың ерлігі мен ұлтына деген ұлы махаббаты оралады. Желтоқсан көтерілісіне қатысты әңгімелер, мақалалар, бейнесюжеттерде үнемі беріліп жүретін фотосуреттердің ішінде көпшілікке жақсы таныс бір бейне бар. Екі солдат жас жігіттің қос қолын артына қайырып, бұйра шашынан қапсыра уыстап, желкелеп әкетіп барады... Аталмаш сурет газет-журналдарда көп жарық көрді, телеэкрандардан талай көрсетілді. «Бұл жігіт кім болды екен?» деген сұрақ санаға сан рет оралды. Сөйтсек, суреттегі желтоқсаншы азамат 1988 жылға дейін өңіріміздегі Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының өртісі болған, қазіргі таңда Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық-драма театрының өртісі Мейрам Қайсанов екен.

Кешегі желтоқсаншы, бүгінгі танымал өртіс Мейрам Ибекұлының желтоқсан оқиғасы жайында қысқаша айтқан әңгімесін оқырманға ұсынып отырмыз.

ШӘМШІНІҢ ӘНІ ШЕРУДІ ЕКПІНДЕТІП ЖІБЕРДІ

1986 жылдың 16 желтоқсаны болатын. Сол күні жатақханаға кешеуілдеп оралдым. Келсем, бірге тұратын жолдастарым Бақтыбек Құрманғожаев, Құрманғазы Айтмұрзаев, Сағындық Жұмаділовтер отыр екен. Бұлар менен бір-екі көйлекті бұрын тоздырған сақажігіттер. Өзара бірдеңелерді талқылап жатқанға ұқсайды. Көп мән бере қойған жоқпын. Аз-дан кейін бөлмеге Мұхтар Қапалбаев кіріп келді. Өңі абыржулы. «Студенттер жиналып, көшеге шығып жатыр», – деді аптығып. Бір ауыз сөздің өзі біраз сырды аңғартқандай. Біз де дайындалдық. Көркемсурет-кескіндеме факультетінің жігіттері дереу лозунгтер даярлап шығарды. «**Әр елдің өз көсемі болу керек**» деп, жазып та қойдық. Сол кезде бізде қызбалық пен құмарту басым еді. Қорқыныш та жоқ емес. Сөйтіп, ынтығу мен үрей арасында көз іліндіріп алдық. Кім білген, осындай тәтті ұйқының көпке дейін арман болып қалатынын...

Таңғы сағат алты-жетілер шамасы. Бір топ студент жатақхана маңына жиналадық. Жолай ҚазМУ, Медицина университеттерін аралап, ілесем деушілерді қосып алып, қаланың орталық алаңына қарай беттедік.

Желтоқсанның қақаған аязына қарамастан алаңда адамдар лық толы екен. Дені жастар. Ештеңеден тартынар емес. Намысқа қызып алған. «**Өз елімізде өз ұлтымыздың азаматы басшы болсын!**», «**Әр ұлттың өз көсемі болсын!**» деп айқайға басып тұрмыз. Бір кезде жастар Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнін шырқай жөнелді. Асқақ ән жастардың рухын көтеріп, намысын қайрай түскен тәрізді, шеру екпіндеп кетті. Бірақ бейбіт. Жастар қанша ұрандатып шуласа да, тәртіп бұзған жоқ.

ӘСКЕРИЛЕР АЛАҢҒА БАСЫП КІРДІ

Шерушілер бір орында толқып тұрмай, шеруді жалғастырып, қаланы аралауға кірісті. Абай көшесін бойлай отырып, Достыққа қарай өттік. Достық көшесінен төмен қарай жылжыдық. Адамдар әр жақтан бізге қосылып жатты. ҚазПИ-ге келдік. Әскери адамдар есікті жауып ұстап тұр екен. Оларды қақ жарып өтіп, іштегілердің шығуына жәрдемдестік. Сыртқа шыққандар бізге қосылды. Жұбымызды жазбай, Мақатаев көшесінде орналасқан Қыздар педагогикалық университеттің жатақханасына да келіп жеттік. Жатақхананың есіктерін шегелеп тастапты. Сыртынан әскери адамдар қоршап алған. Бұзып-жарып тағы да басып кірдік. Қайтадан қазіргі Байтұрсынов көшесімен жоғары өрледік. Алаңға беттедік. Ондағы адам-

ның көптігі көз сүріндіреді. Қалың нөпірдің ішіне кірдік те кеттік.

Жүрегі «қазақ» деп соққан қайран жастар дәл сол кезде алдағы күндерінің зобалаңға айналарын, сондай бір сұмдықтың болып жатқанынан бейхабар еді. Біз көше-көшені аралап, айғайлап жүргенде әр жерде әскерилер отырған УАЗик машиналар тұрды. Бірақ албырт жастар оған мән бере қойған жоқ. Сөйтсек, бар пәле осы көліктерде екен. Машина терезелерінің ар жағынан шеруге қатысушыларды суретке, бейнетаспаға жазып арнайы адамдар отырыпты.

Түс ауа сап түзеген әскерилер алаңға жиналған жастарды тықсыра бастады. Әскерилердің қолында сапер күрегі бар... Оған қарап тұрған біз жоқ. Бейтаныс біреу келіп, мені мойнына мінгізіп алды. Қолымда ұран жазылған лозунгтің бір шеті. Лозунгтің екінші шетін менен бір курс жоғары оқитын Жеңіс деген жігіт ұстады. Ол да біреудің мойнына мініп алған. Кейін осы жігіт 2,5 жылға сотталып кетті.

Ашынған жұрт тарқар емес. «Қонаев қайда кетті, өз еркімен кетті ме? Шақырыңдар. Өз аузынан естіік» деп айғайлаған дауыстан құлақ тұнады. Бірақ қарсы жақтан еш жауап жоқ. Біз мінбеге жақындап, баспалдақпен жоғары өрледік. Сол кезде байқадық, ақ үй жақтан самсаған әскерлер алаңды бетке алып келе жатыр екен. Мұздай қаруланыпты. Олар қолында ешбір қаруы жоқ жандарға шабуыл жасайды деп өсте ойламаппыз. Біз есімізді жиып үлгергенше қарсы жақтан «Ала!» деген қатқыл бұйрық естіліп, әлгілер бізге лап берді. Қиан-кескі ұрыс басталды да кетті. Алаң у-шу. Қып-қызыл қанға боялған. Жан ұшырған шыңғырыс. Қаңсырап жатқан адамдарды әскерилер одан сайын мерткітіріп, алаңның сыртына қарай сүйреп әкетіп жатты. Әскери отряд бет қаратсын ба? Өп-сәтте алаң соққыдан есеңгіреген, ағыл-тегіл қанға боялған адамдарға лық толды.

СУРЕТ ТҮСІРІЛГЕН СӘТ

Менің де қалім шамалы еді. Екі бүйірден тиген соққы есімді тандырды. Ауыр тепкіден талып қалыппын. Қанша жатқанымды білмеймін. Есімді жисам, әлдекімдер шашымнан тартып, сүйрелеп барады. Алдымдағы шақырайған жап-жарық бірнәрсе көз аштырмайды. Ол бейнекамера екен, қолға түскен мені түсіріп жүрген түрі. Мына сіздердің қолдарыңыздағы сурет осы оқиғаның қалт еткен бір сәті.

Содан бәрімізді бір машинаға тиеп, алып кетті. Қайда екендігін ешкім білмейді. Әйтеуір, бір жерге келіп тоқтадық. Іші дым тартқан, иісі қолқаны қабатын тар бөлмеге әкеп қамап қойды. Кешікпей бір-бірден тергеуге шақырды. Менің де кезегім келді. Жау түсіргендей қаһарлы айдауыл мені алдына салып айда келеді. Ұзын дәліз бітіп бермейді. Жан-жағымнан жылаған қыздардың дауысы, қайсыбір жандардың ыңырсып-қиналғаны темір есіктердің қараңғы түбінен талып естіледі.

Жүрегім еріксіз егіліп келеді. Біз неге жазықты болдық? Бар кінәміз – өз елімізді өз ұлтымыздан шыққан адам басқарсын, деп, бейбіт шеруге шыққанымыз ба? Санамда санқилы сұрақтар. Дәлізді бойлап жүріп келемін. Темірмен торланған көне есіктің ар жағынан Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әні естілді. Кенет жүрегіме қуат құйылғандай болды. Осындай қайсар азаматтары қазағыма деген мақтаныш сезімі оянды. Қайраттана түстім. Қандай қиындық көрсем де мойымауға бел будым.

АРАШАҒА ТҮСКЕН «АНЫҚТАМА»

Содан ұзақсонар тергеу басталды. Алғашқы күні: «Аты-жөнің кім? Мекен-жайың қайда? Қайда тұрасың? Алаңдағы оқиғаға қатысың бар ма? Сол кезде қайда болдың?» деген, әдеттегі сұрақтың астына алды. Уақыт өткен сайын теугеушілер ауыса берді. Мені бір емес, бірнеше тергеуші тергеді. Солардың ішінде Аққозев деген фамилия ғана есімде қалыпты.

Тергеу осылай жалғаса бергенде сөзсіз сотталатын едім. Бірақ кездойсоқ жағдай мені құтқарып қалды. Жатақханада бірге тұратын жігіттер бірігіп, менің атыма телевизор жалға алған еді. «Телевизор жалдаған» мекеме менің паспортымды алып қалып: «институты-

на барып анықтама қағаз әкел де паспорттыңды ал» деп, қояа берген-тін. Сол анықтаманы алып, қалтама салып қойғам. Екі ортада «байтап түгілі, бас қайғы» болып кетіп, телевизор жайында қалған.

Сол «анықтама» қалтамада жүр екен. Содан камерада бірге отырған жігіттер жоспар құрдық: «Бәріміз сотталғанша ебін тауып құтылуды ойлайық. Мейрам сен мына «анықтаманы» көрсетіп, шеруге ешқандай қатысым жоқ, телевизор алуға кетіп бара жатқам» деп, тергеушіге жауап бер, деді. Келесі күні тергеу басталғанда: «Менің шеруге ешқандай қатысым жоқ. Өз жайымда анықтама қағаз өткізуге бара жатқанмын. Алаңда жиналған адамдарды көріп, «не болып жатыр» деген қызығушылықпен барып, қолға түстім», – деуден бір танбадым.

Тергеушілердің ішіндегі бір қазақ менің айтқанымды тыңдап алды да: «Балам, бұл өтірігің ұйқасты екен, осы сөзіңнен танба» – дегені. Ақыры, өтірігім сәтті шығып, қамаудан босадым. Қақпадан шыққан соң де-нем тітіркеніп кетті. Аяғымды ілбіп басып, жатақханаға өрең жеттім.

АҒАМНЫҢ АРҚАСЫНДА АМАН ҚАЛДЫМ

Осымен тергеу бітті, құтылған шығармын, деп жүргенімде, 1986 жылдың соңғы 31 желтоқсан күні мені қайыра тергеуге шақырған «повестка» келді. Екінші рет тергеу жаңадан басталды. Баяғы бір сарынды сұрақтар. Тергеуші қайталаудан жалықпайды, мен өтірік айтудан танбаймын. Ақыры айта-айта өз өтірігіме өзім сенетін болдым.


Ақыры, өтірігім әшкереленді. Шеру кезінде түсірілген бейнетаспаларды тергеушілер сүзіп қарап шыққан екен, бір жігіттің мойнына мініп алған қолымда жалынды ұран, айғайды салып мен жүрмін. Не істеймін? Бұлтартпас дәлел. Мойындаудан басқа амал жоқ.

Тергеу жүріп жатқан қиын күндердің бірі еді. Әдеттегідей тергеушінің қойған сұрақтарына жауап беріп, кінәмды мойындап отырғам. Сырттан сыптығырлау келген қазақ жігіті кіріп келді. Ол да тергеуші екен. Маған жақсылап тұрып қарап алды да: «Осы сен Қайраттың інісі емессің бе?» – деді. «Иә, Қайраттың інісімін, ол – менің ағам» – дедім. Тергеуші маған ұзақ қарап алды да: «шыға тұр» деп, шығарып жіберді. Өзі мені тергеп отырған тергеушімен оңаша қалды. Сөйтіп ойда-жоқта ағамның тергеуші досының көмегі тиіп, аман қалдым.

Бәрі-бір ұран көтеріп, ұрысқа шыққаным ізсіз қалмады. Оқудан шығарып жіберді. Артынан институттағы Рабиға Қаныбаева, Асылбек Ықсанов сынды шарапаты мол жайсаң ұстаздарымның арқасында оқуға қайта қабылданып, аман-есен бітіріп шықтым. Алғашқы еңбек жолымды марқұм Әкпарәлі Әйтібәев құрған жастар театрынан бастап, одан кейін Павлодар қаласында ашылған Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында жалғастырдым. 1998 жылы Астанаға ат басын бұрдым. Елорданың рухани өміріне бір кісідей атсалысып жүрген жайымыз бар.

Р.С. Бүгінгі бейбіт те тәуелсіз Отанымыздың кез-келген тұлғасы зор мақтанышпен шырқайтын «Менің Қазақстаным» әні тек бүгінгі бейбіт елдің ұландарын ғана емес, кешегі желтоқсаншы қырандарымызға да күш қайрат беруі, сол әнмен жігерленуі бұл жай ғана кездейсоқтық емес...

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ



Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр. (Н. Назарбаев)

ЭТНОСАРАЛЫҚ НЕКЕ: ұлт келісіміне апаратын жол әлде өз ұлтынан безу?



этносаралық неке құрған қазақ әйелдері мен ер адамдарының санында айырмашылық үлкен емес. Бұл көрсеткіш қала мен ауыл үшін бірдей болып келеді. Қазіргі таңда этносаралық отбасын құрған қазақ әйелдерінің саны ер адамдарынан асып түседі деп болжауға болады-мыс».

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі 2011 жылы Астана қаласында шығарылған «Қазақстанның демографиялық жылнамалығында» 2010 жылы 146443 неке қиылды; олардың ішінде 25669 этносаралық неке құрайтыны баяндалған. Басқа сөзбен айтқанда, әрбір алтыншы қиылған неке этносаралық болып келеді. Бұл сандар этносаралық неке санының жылдан-жылға өсетіні жайлы хабарлайды.

ҚАНЫ АРАЛАСҚАН ҰРПАҚ

Этносаралық отбасында туған баланың генетикалық қасиеттері де әр түрлі қырынан көрінуі мүмкін. Қазіргі уақытта бұл мәселе генетика ғалымдарының назарында. Соңғы зерттеулердің қорытындысы жөнінде олар былай айтады: «Бұрынғы кезде түрлі халықтардың қаны араласқан ұрпақ денсаулығы, дарындылығы, келбеті ерекше болады деген пікір қалыптасты. Бір жағынан бұл дұрыс. Егер жұбайлар этносы бір-бірінен аса алыс болмаса, онда балалары ірі, мықты, дарынды болады. Бірақ бұл үрдіс ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дара генетикалық қасиетіне айнамай, тек қана бірінші ұрпақтарда анық байқалады, ал келесісінде мүлдем болмауы да мүмкін.

Эмбрион дамуында ата-ананың түрлі генетикалық қасиеттеріне байланысты өзгерістер пайда болса ол таң қаларлық жай емес. Бұл жағдайда жаңа туған балалардың денсаулығы да, ойлау қабілеті де төмен болады. Мәселен, Солтүстік Американың жергілікті тұрғындарының көшіп келген еуропеоид және негроид несіл өкілдерімен құрған отбасының ұрпақтарында мұрасты аурулар жиі байқалуымен қатар бірыңғай этностық жанұядан шыққан құрдастарына қарағанда дене мен ойлау қабілеті 1,5 есеге төмен дамыған».

ҚҰЖАТЫҢЫЗДЫ КӨРСЕТІҢІЗ!

Бала тәрбиесі әр халықтың өмірінде үлкен орын алады. Түрлі жұрттың тәрбиеге деген көзқарастары да әр түрлі болады. Этносаралық отбасында кей жағдайда екі халықтың тәрбиесі тең дәрежеде қолданылады. Әрине, бұл

Қазақстан – этнос құрамы жағынан күрделі мемлекет. 2009 жылы өткізілген Ұлттық Халық санақтың қорытындысы бойынша елімізде 100-ден астам этностық ұлттар тұратыны анықталған. Статистика мәліметтері бойынша әрбір алтыншы қиылған неке этносаралық болып келеді.

әдістің, өзгелдерден гөрі, өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері де жоқ емес. Мысал ретінде Ресей Федерациясының солтүстік пен шығыс аумағында тұратын «кіші» халықтар тағдырын келтіруге болады. Ресми емес деректерге сүйінсек, орыс пен басқа саны үлкен халықтарымен ассимиляция нәтижесінде эвенк, ненец, чукча, тофа ұлттарының саны азая түсті, себебі этносаралық неке құрған аталмыш ұлт өкілдерінің көбі құжаттарында «ұлт» бағанына саны жағынан үлкен және әлемдік сахнасында рөлі зор ұлттың атын жазып алғанын дұрыс көрді. Кейбір жергілікті тұрғындар «үлкен өркениеттің» жемістерін қабылдауды жөн көріп, өзінің дара қасиеттерінен, мәдениетінен, тілінен айырылады. Кіші халықтардың өз ұлтынан безу осыдан басталғанын көреміз.

Қазіргі таңда Ресейдің Солтүстігі мен Алыс Шығысында ғасырлар бойы мекеңдеген кіші халықтар арасында саны жағынан ең үлкен ненецтер болып саналады, олардың саны 40 мыңнан асты, саны бір мыңнан кем халықтарына нганасан, юкагир, тофа, чуванец, орок жатады. Негидалецтер саны 500-ге жуық, ал энецтер 200 ғана қалды...

ТУЫСТАРЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ ҮШІН

Ресми деректер бойынша, әрбір үшінші қиылған неке ажырасумен аяқталады. 2011 жылғы Астана қаласында шығарылған статистика агенттігінің «Қазақстанның демографиялық жылнамалығында» 2010 жылы 41 мың 617 адам ажырасты, олардың ішінде 14 мың 889-ы этносаралық ажырасуды құрайтынын мәлімдеген.

Біріңғай ұлттық иә этносаралық некелердің ажырасу пайызы бір-бірінен аса алыс емес. Бірақ этносаралық некені құрайтын жастар жолында орын

алатын көптеген мәселелерді бірыңғай ұлттық отбасыларда кездестірмейді. Бұл жайт, әрине, жас жұбайдың өміріне өзіндік әсер етпей қоймайды. Этносаралық отбасы болу не болмауына туыстар үлкен әсер етсе, бірыңғай ұлттық отбасыға жұбайының сезімдері иә әрекеттері ықпал етуі басымырақ болатынын сөзсіз. Егер уақыт ағысымен туыстарының реніші мен жастар құрған аралас отбасына қарсылығы әлсіреуі мүмкін, осылайша бірыңғай ұлттық отбасынан махаббат пен сыйластық та кетуі мүмкін. Басқаша айтқанда, ажырасуда жұбайларының бір-біріне деген сезімі бас рөл атқарады. Алайда этносаралық отбасында ажырасуының үлкен бөлігі туыстарының қамқорлығы үшін болады.

ҮЙЛЕНУ ОҢАЙ, ҮЙ БОЛУ ҚИЫН

Үй болу үшін ұлтына емес, адамның дербес қасиетіне көбірек көңіл бөлінеді. Мынаған тек қана адамгершілік, еңбексүйгіштік, өзара сыйластық, сенімділік, т.б. құрамды бөліктерден тұратын «классикалық жиын» емес, дәстүрге айналған жарының ұстанған дініне, орындайтын салтына, сөйлейтін сөзіне, пісіретін тамағына, үлгілі ана болуына назар аударады. Басқа сөзбен айтқанда, бір әлеуметтік ортада өмір сүрген түрлі этнос өкілдері арасында тығыз байланысты орнатуы түрлі елдерде тұратын және тәрбиесінде үлкен айырмашылық бар ұлты бірдей адамдарға қарағанда көбірек бағалы. Сондықтан, ұлт, дін, әдет-ғұрып отбасы құруда басты фактор емес. Сыйластық, нағыз махаббат пен оны жылдар бойы өз жүрегінде сақтап, ғұмыр жолындағы түрлі қиындықтардан құламай, жылдар арқылы бірге қол ұстасып өтуі – бұл нағыз отбасының құндылықтары екенін көптеген отбасы мойындады.

Елена ГАРКАВА

Пікірлер тоғысы

Тамара Зозуля, профессор, социолог:

Этносаралық некелерді жақсы не жаман деп айту қиын. Осы жағдаяттың жағымды иә жағымсыз жақтары бар. Бір жағынан, аталмыш неке ұрпақтардың денсаулығы нашар болуы мүмкін. Екінші жағынан, осындай отбасында тұрмыс-тіршілігі қайталанбас мәдениет пен салт-дәстүрлердің араласуымен ерекшеленеді, ұрпақтары жиі екі тілді меңгеріп шығады, басқа этнос пен дін өкілдерінің де толеранттық сезімі дамыған болар еді.

Абдусамал Сагинов, имам:

Аралас некелерге қарсылығымыз жоқ. Ұлты басқа, діні бір адамдары діні бірдей емес адамдарға қарағанда мешітке неке қиюға жиірек келеді. Себебі, діні басқа адамдар үй болу үшін бір дінде болуы керек, сондықтан мұсылман емес жақ исламды қабылдау шарт.

Жанар Мағзанова, Павлодар облысы Статистика департаменті бастағының орынбасары:

«Этносаралық неке қию біздің облысымызда кең өріс ала бастады. Өңірімізде бұл некелерді арнайы зерттеп, 2004 жылдан бері статистикалық жылнамалықтарына енгізе бастады. 2005 жылдан этносаралық некенің өсуін байқауға болады.

Жергілікті халық өкілдерінің қатысуымен қиылған аралас некелер 10 пайызға дейін жетпейді. Ал орыс, украин, татар, неміс ұлттар арасында этносаралық некелер 84-95 пайызды құрайды. Әрине, мұндай неке құру ұзақ уақыт бойы бір жерде бірге тұратын этностар үшін заңдылыққа айналады».

